

ДИНИ ТРАНСФОРМАЦИЯ ФИЛОСОФИЯСЫ: «ҚОРҚЫНЫШТАН» ҚИЯНАТСЫЗ ТӘЖІРИБЕЛЕРГЕ ӨТУ*

¹Әбдилдин Ж.М., ²Мұстафина Т.В.**

^{1,2}Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

¹zhabaihan.abdildin@mail.ru, ²mustafina_tv@bk.ru

¹Abdildin Zh., ²Mustafina T.**

^{1,2}L.N. Gumilyov Eurasian National University

¹zhabaihan.abdildin@mail.ru, ²mustafina_tv@bk.ru

Аңдатпа. Мақалада діннің қоғамдағы рөлі заманауи призма тұрғысынан бағамдалып, көптеген әлем елдері мен нақты Қазақстан үшін өзекті болып тұрған діни радикализация мәселесі философиялық тұрғыда зерделенеді. Діни фактордың трансформациясы «декультурация», «виртуалды умма» (Оливье Руа), діннің фобиялармен байланыстылығы «ағымдық қорқыныш» (liquid fear) (Зигмунд Бауман), материалдық құндылықтар, техногенді доминанттар үстем ететін әлемде рухани мәндерге мұқтаж болу ізденісі «имманентті фрейм» (Чарльз Тейлор) концепттері тұрғысынан зерделенді. Зерттеу фокусы діни радикализациямен күресте қатаң қадағалау, бақылау әдістерінен қиянатсыз әдіс-тәсілдерге трансформациялану мүмкіндіктеріне қойылған. Бұл арада қазақстандық тәжірибе мен салыстырмалы тұрғыда әлеуметтік-экономикалық тұрғыда дамыған, зайырлы, мұсылмандар үлесі көп мемлекеттер ретінде индонезиялық, малайзиялық тәжірибе мысалдары қарастырылды. Көтерілген мәселелерді бағамдай келе, еліміздегі діни ахуал зерделеніп, Қазақстанның діни радикализациямен күрестегі тәжірибесі негізге алынып, алдағы кезде бұл бағыттағы жұмыстарды ілгерлетуге қатысты ой-пікірлер білдірілді.

Түйін сөздер: діни ахуал, ислам, қоғам, трансформация, шетелдік тәжірибе, Қазақстан.

Kіріспе

Дінге қатысты мәселелер мемлекеттердің ішкі-сыртқы саясатында маңызды орын алатын сұрақтар болып табылады. Бір жағынан, дін қоғамның рухани өмірінің тұғыры болса, екінші жағынан, дін саяси, экономикалық мүдделерде құрал ретінде жиі қолданылатыны белгілі. Соңғы кезде әр түрлі теріс пиғылды экстремистік және террористік ұйымдар өз әрекеттерінде дінді манипуляциялар үшін жиі пайдалануда. Көп жағдайда ислам діні аталмыш манипуляциялар үшін құралға айналып қана қоймай, осы дін бүгінде әр түрлі діни фобиялардың басын бастап тұр.

* Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым Комитетімен қаржыландырылған (Грант АР19175950 «Қазіргі қазақстандық қоғам және гуманистік қағидалардың трансформациясы»).

**Автор-корреспондент - Мұстафина Т.В. mustafina_tv@bk.ru

Соңғы жылдары әлемнің көптеген мемлекеттері бұл жағымсыз үрдістермен күресу үшін өздерінің стратегиялық жоспарларын құрып, әр ел өз деңгейінде діни экстремизм мен терроризмнің негізінде жатқан діни радикалдылықпен күресіп келеді. Бұл арада мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз етуде демократиялық қағидалар мен қатаң бақылау арасындағы балансты сақтау мәселесі ерекше назарды қажет етеді. Себебі, радикализммен күресте барша діни қауымға шамадан тыс қысым, басымдылықтар, репрессивті тәжірибелердің белең алуы әбден мүмкін.

Қазіргі замандағы діни радикализация құбылысын бағамдау мен онымен күресудің мән-жайын зерделеуде Зигмунд Бауман «ағымдық қорқыныш» (liquid fear) концептісін қолданады [1]. Зерттеушінің пікірінше, бұл қорқыныш түрі бұрынғыдан өзгеше. Егер алдыңғы кезде қорқыныш нақты бір қауіп-қатерлермен (мысалы, соғыс, эпидемия, катастрофа) байланысты болса, бүгінгі таңдағы қорқыныш диффузды, бейнақты, барлық жерге жайылып кеткендей. Бүгінгі таңда адамдар қорқыныштың қайнар көзін нақты біле де алмайды, сондықтан оның деструктивті табиғаты да басымырақ.

Бауманның пікірінше бұрынғы кезде қауіпсіздікті қамтамасыз ететін әлеуметтік, саяси, экономикалық институттар (мемлекеттер, дәстүрлі діни қауымдастықтар, мекемелер) жаһандық әлемде бұл функцияны толыққанды жүзеге асыруға дәрменсіз болды. Осыдан келіп бүгінгі адам индивид ретінде құқық пен еркіндікке ие бола тұра, сондай-ақ, жаһандық мәселелер алдында әлсіз екендігін қатар кешуде. Бауманның пікірінше терроризм, миграциялық дағдарыстар, эпидемиялар сияқты құбылыстар осы осал жай-күйді өршіте отырып, «ағымдық қорқынышты» (liquid fear) арттырады. Адамдар өздерін қол жетімсіз және бақылауға келмейтін күштердің бұғауында деп сезінеді.

Заманауи әлемде материалды ұндылықтардың мәні зор, ал соңғы кезде цифрлы игіліктерге байланып, барлық мәселелер мен мүдделер материалды түрде ғана шешіледі деген стереотипке қарамастан, бүгінгі адам рухани тірек, рухани құндылықтарға мұқтаж болып қала бермек. Мұны зерттеуші Чарльз Тейлор «имманентті фрейм» концептісі арқылы сипаттайды [2]. Оның пікірінше қазіргі әлемде адамдар материалды игіліктерге қанша тәуелді болса да, бәрібір күнделікті тіршіліктен жоғары бір мәндерді іздеу жолында. Тейлор қазіргі әлемді бәсекелес дүниетанымдардың сахнасы деп сипаттайды. Заманауи плюрализм дегенді мүмкіндіктердің әртүрлілігімен қатар, үлкен жауапкершілік деп қабылдауға шақырады.

Сонымен, заманауи әлемде адамның әр түрлі қарқынды өзгерістердегі жай-күйі тобырлық санаға манипуляцияларды жүзеге асыру үшін қолданылуға тиімді де болады. «Саяси күштер, БАҚ, корпорациялар ағымдық қорқынышты мобилизациялау үшін, репрессивті әрекеттерден назарды аударту немесе оларды ақтап шығу үшін қолданады» деп бағамдайды Бауман [1]. Мысалы, «терроризмге қарсы соғыс», бақылау жүйелерінің күшеюі, авторитарлық үрдістердің басымдылығы аталмыш қорқынышқа төтеп беру механизмі ретінде ұсынылады.

Әлем үшін өршіп тұрған діннің саяси манипуляцияларда құрал ретінде қолданылуы қазақстандық заманауи болмыста да айқын көрініс табуда. Қазақстан егемендігін алғаннан берін өзін Конституцияда зайырлы, демократиялық мемлекет ретінде орнықтырып, дін саласындағы саясатын жүзеге асырып келеді.

Дінаралық келісімді нығайтып, діни экстремизм және терроризммен күресуде бірқатар жетістіктерге қол жеткізіп келгені де белгілі. Дегенмен, жағдай қол жеткізілген жетістіктермен шектелмей, бұл бағыттағы жұмысты жетілдіре отырып, жалғастыруды талап етеді. Әлем елдерінде және нақты Қазақстанда жылдан жылға дінді номиналды түрде ұстанумен шектелмей, діни талаптарды тұрақты орындауға бейім мұсылмандар үлесі артып келеді. Бұл үрдіс өз кезегінде діни радикализмге төтеп беруде жаңа әдіс-тәсілдерін бағамдап, жүзеге асыруда ұйғаруды қажетсінуде.

Ұсынылып отырған мақалада діни радикализммен күресудегі қиянатсыздық тәжірибе әлеуетін бағамдау көзделген. Бұл мәселелер «ағымдық қорқыныш» (Зигмунд Бауман), «декультурация» (Оливье Руа), «имманентті фрейм» (Чарльз Тейлор) сияқты концепттер шеңберінде талдануда. Негізгі екпін дін феноменін бүгінгі таңда бұрмалауға қиянатсыз тәжірибелердің әлеуетін бағамдау және ілгерлету идеясымен байланысты.

Мақалада діни радикализмге төтеп берудегі Оңтүстік Азия мемлекеттерінің (Индонезия, Малайзия) бұл бағыттағы тәжірибесі қазақстандық тәжірибемен салыстырмалы тұрғыда қарастырылған.

Бүгінгі таңда діни қауымдастықтардың қарым-қатынасы, байланысы технологиялардың арқасында өзгеруде. Дәстүрлі діни тәжірибелер виртуалды әлем алаңына өтуде. Мақалада бұл заманауи үрдісті бағамдауда «виртуалды умма» (Оливье Руа) концепциясы қарастырылып, діни радикализмге күш қолданбай төтеп беру механизмдерін талдауда діни лидерлер, дәстүрлі діни қауымдастықтың белсенді өкілдерінің сыңи ойлау, ғылыми талдау қабілеттеріне ие болып, мұндай дағдыларды дамытудың рөліне назар аударылады.

Осылайша ұсынылып отырған мақалада жаһандық әлемде демократия-лық, зайырлы құндылықтарды дамыту жолында діни құндылықтарды қайта бағамдау мүмкіндіктерін талдау көзделген.

Зерттеу әдіснамасы

Мақалада діни ахуалды бағамдауда талдау әдісі, әлемдік және қазақстандық шеңберде салыстырмалы әдісі қолданылды. Жаһандық әлемде жүзеге асып жатқан үдерістер «ағымдық қорқыныш», «имманентті фрейм», «декультурация», «виртуалды умма» концептілері арқылы зерделенді. Шетелдік және отандық ғылыми-әдістемелік еңбектерге, ресми қабылданған құжаттарға ретроспективті шолу жүзеге асырылды. Діни радикализмнің алдын алудың шетелдік және отандық тәжірибесін зерделеуде салыстырмалы, кросс талдауға сүйене отырып, нәтижелерді саралау, алдағы кезде ілгерлету мүмкіндіктерін сараптауда жүйелеу әдісі қолданылды.

Мазасыздық дәуіріндегі дін трансформациясының контурлары

Әділеттілік қағидаларына негізделген мемлекеттік басқару жүйесін дамыту заман өзгерістерімен қатар күрделенуде. Қоғамдағы әр түрлі қауымдастықтардың құқықтарын құрметтеп, барлығына ортақ әмбебап ережелерді орнату оңай емес.

Бұл процесс қоғамның барлық субъектілерінің өзгерістерге сезімтал болуын талап етеді.

Заманауи әлемде мемлекеттердің басым көпшілігі өзін зайырлы мемлекеттер ретінде орнықтыруда. Зайырлы мемлекет теориясы батыс еуропалық өркениет шеңберінде секулярлы процесстердің нәтижесінде қалыптасқан концепт деуге болады. Осыдан келіп, зайырлы мемлекет деген дінсіз, атеистік мемлекеттің бір көрінісі ғана деген көзқарас кең таралған. Сонымен қатар, діннің құрал ретінде әр түрлі саяси, экономикалық, т.б. манипуляцияларда қолданылуы, мемлекеттердің тұрақтылығын сақтауда діни сенім бостандығы құқығын қатаң қадағалауға, тіпті кей кезде шектеуге дейінгі әрекеттермен байланысты. Дегенмен, соңғы кезде сарапшылық ортада қоғам тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде діни сенім бостандығы құқығының жүзеге асырылуы әділеттік қағидаларын ұстануға бірден-бір негіз болатындығы алға тартылады [3].

«Дін атын жамылып жүзеге асырылатын қиянат салдары адам құқығы және ұлттық қауіпсіздік арасындағы берік байланыс туралы қағидаларға нұқсан келтіреді» [4]. Діни астарланған экстремизм, терроризммен күресуге бағытталған стратегиялар нәтижесінде қалыпты діни қауымдастықтар жапа шегіп, баршаға ортақ адам құқығы сынды құндылықтар тиісінше ескерілмей қалу жайттары, өзара сыйластық пен қауіпсіздік қағидаттарының бұрмалану мысалдары орын алып жатады. Осыдан келіп, кейбір директивті әдіс-тәсілдер тұрғысынан діннің өзі қауіп ретінде қарастырылып, құқықтық және саяси қатаң экстроординарлы жазалаушы әдістерге әкеледі [5].

Соңғы жылдары әлем елдерінде ислам дінінің ізбасарлары тұрақты түрде артып келеді. Мұны халықтың табиғи өсімімен, сондай-ақ миграция үдерістерімен байланыстырады. 2023 жылғы мәліметтер бойынша, мұсылмандар саны шамамен 1,9 миллиард адамды құрайды, бұл әлем халқының шамамен 24,9% [6]. Назар аударарлық жайт: қазіргі кезде ислам тарихи мұсылмандық қоғамдарда да, исламға енді бет бұрып жатқан орталарда да шапшаң тарап жатқан дін.

Бұл қарқындылық жағымды үрдіспен қатар, дәл осы діннің әр түрлі экстремистік, террористік мүдделерді ұстанатын топтар үшін олардың саяси, экономикалық мүдделерге қол жеткізуінде исламдағы нарративтерді идеологиялық құрал ретінде қолдануына себеп болуда. Экстремистік ағымдар, террористік ұйымдар ислам құндылықтары арқылы манипуляцияларды жүзеге асырып, олардың интерпретацияларын тұрпайы мағынада беріп, өз қатарына сыни ойлауға осал келетін адамдарды тартады.

Зерттеуші Оливье Руа еңбегінде жаһандану шеңберінде діннің трансформациясы «декультурация» концептісі арқылы қарастырылады [7]. Руа жаһандық дәуірде исламның түбегейлі өзгеріске ұшырауына баса назар аударады. Қазіргі кезде ислам белгілі бір мәдениеттер немесе географиялық орталар шеңберінен шығып кеткен. Әмбебаптанумен қатар ислам өзінің дәстүрлі тұғырынан ажырап келеді. Руа пікірінше, бұл үдеріс діни бірігейліктің жаңа формаларының қалыптасуына, соның ішінде радикалды исламизмнің де таралуына септігін тигізуде.

Бұл үрдістер, әрине, соңғы кезде дін, діни радикализация турасындағы дискуссиялардың исламдық радикалды ағымдарға шоғырлануға әсер етуде. Тіпті «радикал», «экстремист», «террорист» сияқты ұғымдар исламмен ғана

байланысты болуы мүмкін деген түсінікпен бекіп қалып, заманауи мұсылмандық қауым үшін стереотиптер мен стигматизация сияқты қауіп-қатерлер өршуде.

Зерттеуші Джозалин Сезаридің еңбегінде исламның заманауи жай-күйі зерделеніп, қалыптасып отырған стереотиптерге қарсы мұсылмандық құндылықтарды түсінудің өзінше көрінісі беріледі. «Дін ретінде ислам демократиялық құндылықтарды дамытуға кедергі келтірмейді. Керісінше, исламды түсіну мен оның саяси үдерістерде тиісінше ұғынылуы демократиялық қайта құруларды сәтті жүзеге асыруға әсер етеді» деп зерттеуші пікірімен бөліседі [8].

Сезари ислам мен демократия туралы тарихи контекст пен дискуссияларға назар аударады. Зерттеуші исламның демократиялық құндылықтармен «сәйкеспейтіндігі» туралы стереотиптерді анықтап, қарапайымдырылған түсініктердің мән-жайын ашуға тырысады. Сезари шын мәнінде ислам мен демократиялық құндылықтардың өзара байланысы мүмкін екендігін алға тартып, оған тиісінше әлеуметтік, мәдени, саяси контекст әсер ететіндігін айтады [8]. Автормен келісе отырып, бүгінгі заманда, әлемдік алаңда басым көпшілік мұсылмандар мен экстремистік мүдделерді көздейтін радикалды ағымдардың ұстанымдары арасындағы ара-жікті ажырату маңыздылығын ескеру қажет.

Бүгін ислам мұсылман елдерінде де, батыс мемлекеттерінде де саяси құралға айналада. Діннің саясиландырылуы әдетте мемлекеттің бейбіт, демократиялық дамуына кедергі келтіреді. Сезаридің пікірінше ислам мен демократияның «сәйкеспеуі» туралы көзқарас батыстық біржақтылыққа негізделіп, мұсылман әлеміндегі демократиялық қозғалыстардың тарихи мысалдарын елемегендіктен қалыптасқан. «Мысалы, демократиялық үдерістерде жергілікті мәдени және діни контексттер ескерілген жағдайда, әділеттілік ('адл), кеңес (шура) сияқты ислам құндылықтары демократиялық процесстерге сәтті интеграциялана алады» [8].

Жаһандану процесі дәстүрлі ұлттық және мәдени шекараларды бұзып, дәстүрлі мұсылмандық жамағат (умма) туралы көзқарасқа да айтарлықтай әсер етуде. Заманауи жамағат жаһандық, виртуалды құбылыс. Интернет, миграция, жаһандық медиа арқылы әлемнің түкпір-түкпіріндегі мұсылмандар бір-бірімен әр кезде байланыса алады. Интернет әлемнің әр түрлі жерлерінде өмір сүретін мұсылмандың біріктіре отырып, жаһандық виртуалды жамағаттың қалыптасуына әсер етуде. Facebook, Instagram, Twitter, Tik-Tok сияқты әлеуметтік желілер виртуалды кеңістікте дін мәселелеріне қатысты ақпарат алмасуға, діни мәселелерді талқылауға, өз пікірлерін білдіру сияқты жаһандық масштабтағы процесстерге қатысуға мүмкіндік береді.

Интернет пен жаһандық медиа мұсылмандардың дінді түсінуін, діни құндылықтарды қабылдауын түбегейлі өзгертті. Әлемнің әр аймақ-тарындағы жас мұсылмандар дінді интернет арқылы үйреніп, басқа мұсылмандармен байланыста болу үшін жаһандық пікір-таластарға қатысады. Мұның бәрі өз кезегінде жаңа жаһандық жамағаттың қалыптасуымен қатар діни радикализация үшін де зор мүмкіндіктерге жол ашады.

Жаһандану дәуіріндегі барлық салада интернеттің қолданылуы заманауи мұсылман жамағаты өмірінде жергілікті мәдени ерекшеліктер ескерілмей, исламның әмбабеп қағидалары көп жағдайда саяси контекстте таралуына әсер етуде. Оливье Руа діннің декультурациясы дегенде қазіргі замандағы

ислаимзмнің өршуін жаһандық трендермен түсіндіреді. «Ислаимзм дәстүрлерді қалпына келтіру үшін күрес емес, дінді әмбебап түсіндіруге негізделген жаңа тәртіп құруға бағытталған жол» [7]. Оның ойынша, шын мәнінде ислаимзм – дәстүрлі құндылықтарға оралу емес, модерннің жемісі. Ислаимзм жаһандану дәуіріндегі бірігейлік (identity) дағдарысына реакция нәтижесінде қалыптасты.

Интернет арқылы қазіргі заманда имамдар мен беделді қайраткерлер, ақсақалдар сияқты дәстүрлі діни институттар арқылы бітімгерлер ескерілмей, кез келген интернет пайдаланушысы исламның қайнар көздері болып табылатын Құран, хадистерді өзі тікелей интерпретациялып, дінді өздігінше үйрене береді. Мұны Оливье Руа «діннің индивидуализациясы» деп сипаттайды [7]. Оның талдауында мұндай үрдістер сенімнің сакральді дәстүрінен гөрі жеке азаматтың жеке таңдауы бірінші орында болады. YouTube, әлеуметтік желілер арқылы әр түрлі елдердегі мұсылмандар әр түрлі әлеуметтік оқиғаларды талқылайды, өздерінің бірігейлігін қалыптастыруға ұмтылады. «Бүгінгі таңда мұсылман болу деген ата-бабадан мұра болып сақталған дінді ұстану емес, қазіргі заман шеңберінде өз сенімін қалай интерпретациялаудағы жеке таңдау деп түсінуге болады».

Интернет дін туралы, діни ақпаратқа деген қолжетімділікті кеңейтіп қана қоймай, ислам идеяларын радикалды тұрғыда интерпретациялауға да кең мүмкіндіктер қалыптастыруда. Экстремистік қозғалыстар, террористік ұйымдар өздерінің арбауға бағытталған идеологияларының жақтастарын көбейту үшін онлайн-платформаларды барынша ұтымды қолданып жүр. Дәстүрлі діни лидерлерден гөрі радикалды насихаттаушылар адамды мазалайтын сұрақтарға қатысты дін атынан оңай жауаптарын сескенбей тарата береді, бірден біржақты ұсыныстар айтады. Әсіресе, өзінің бірігейлігін іздеу жолындағы, дүниетанымдық дилемаларды бастап кешіп, күрделі сұрақтарға нақты жауаптар іздейтін жастар үшін барынша қолайлы орта қалыптасуда.

Дәстүрлі мұсылмандық қауымдастықта діни лидер ретінде имам, мұсылман ғұламалары, беделді ақсақалдар танылған. Интернеттің қарқынды дамуы жағдайында авторитеттердің дезентрализациясы жүзеге асады [7]. Кез келген интернет қолданушысы Құран аяттарын, хадистерді өз тарапынан қалай түсінгенін жариялауы мүмкін. Өз кезегінде бұл жайттар діни нормалардың кертартпа талқыларға салынуына түрткі болады. Нәтижесінде миллиондаған ізбасарлары бар блогер, ютуберлер құзырлы діни уағызшылардан гөрі әлдеқайды күшті ақпараттық резонанстар қалыптастыруы ықтимал.

Сонымен қатар, діннің интернет алаңына өтуі локальді қақтығыстардың глобализациялануына әсерін тигізеді. Мысалы, Сирия, Ирак елдері, Палестинадағы дағдарыстар әлеуметтік желілерде сипатталады, жаһандық мұсылмандық дискурстың бір бөлігіне айналады. Қазақстанда да бұл үрдістер айқын көрініс беруде. Әлемнің әр түрлі аймақтарындағы конфликттер қазақстандық интернет пайдаланушыларында әр түрлі эмоциялар тудыртып, қоғамды әр түрлі антагонистік жақтаушыларға бөліп жарады.

Көптеген қазақстандықтар тиісті діни, саяси білімге ие болмай, болған, болып жатқан оқиғалардың шынайы себептері мен салдарын түсіне бермей, агрессивті риториканы таратушылар қатарына қосылып кетеді. Нәтижесінде сыртта болып жатқан конфликттер туралы дискуссиялар қазақстандық қоғамның өз ішінде конфронтация туғызып, әлеуметтік шиеленістерді, бөлінушілікті одан

әрі өршітеді. Әрине, мұндай үрдістер қазақстандық қоғамның тұрақтылығына кереғар әсер етеді.

Диалог пен өзара түсіністікті нығайтудың орнына, радикалды топтар жаңа жақтастарды тарту немесе ішкі жағдайды тұрақсыздандыру үшін қолдана алатын дұшпандықты қоздыруға жағдайларды қалыптастырады. Бұл сын-қатерлерге қарсы тұру үшін медиа сауаттылықты арттыруға, сыни ойлауды дамытуға және бейбітшілік пен төзімділікке бағытталған контрнарративтерді таратуға баса назар аударған жөн.

Әдетте мемлекеттер заң жүзінде бекітілген әкімшілік, саяси шараларды қабылдап, экстремизм, терроризм сынды қатерлерге жедел қарсы әрекет етуге бел буады. Бұл арада терроризмнің алғышарты болуы ықтимал әрекеттер үшін (мысалы, экстремистік деп танылатын нәсілшілдік, ксенофобтық, дискриминациялық риториканы тарату) заң тұрғысынан жауапкершілік тетіктері реттеліп, сонымен қатар террористік ұйымдар қолданатын арбау әдістеріне төтеп беру жолдары қатаң бақылауға алынады. Кейбір мемлекеттер бұл күресте азаматтық қоғам секторына басымдылық беріп, «экстремизмге, терроризмге бейім мінез-құлық триггерлері» бойынша әр түрлі форматтағы кеңес беру шараларына көбірек назар аударады [4].

Бүгінгі әлемдік алаңда зайырлылықтың әр түрлі модельдері қалыптасып трансформациялануда. Кейбір мемлекеттер зайырлы бола тұра, белгілі бір дін немесе діндерге басымдылық беруі мүмкін. Кейбір мемлекеттер үшін белгілі бір дінге қатысты ынталандыру әрекеттері сол елдің ұлттық болмысымен байланысты. Сәйкесінше, сол дінді мемлекет тарапынан қорғау ұлттық қауіпсіздік императивімен негізделеді [9].

Қазақстанның зайырлы мемлекет моделі сарапшылық ортада гибриді деп анықталады [10]. Бір жағынан Қазақстанның дәстүрлі тарихи болмысында дін қоғамның маңызды құрамдас бағдары болып, бұл бүгінгі күнде заң жүзінде ескерілуде. Сондай-ақ, бүгінгі қазақстандық зайырлылық модельде классикалық зайырлылық элементтері негізге алынған. Дін мен мемлекеттің бөлінісінде зайырлылықтың классикалық, қатаң қағидаттарын ұстанатын елдерге Франция жатады. Ал, Қазақстанда қоғам тұрақтылығын сақтау мен ұлттық бірігейлікті нығайту жолында мемлекет пен діни ұйымдардың арасында ынтымақтастық орнатылған және оны дамытуға мүмкіндіктер кеңеюде.

Егемендік алған жылдан күні бүгінге дейін Қазақстанның зайырлылық моделі қатып тұрмай, өзгерістерді кешуде. Барша әлемде мемлекеттер қауіпсіздігі, әлеуметтік тұрақтылық, адам құқықтары салаларына әсер етіп тұрған діни радикализация мемлекеттерге зайырлылық қағидаттарын қайта бағамдауға әсер етеді.

Соңғы кездері діни астарланған экстремизм зайырлы мемлекеттерде де, діни мемлекеттерде де орын алуда. Қазақстан болмысында өткен ғасырдың 90-ншы жылдары сол кезде алғаш қабылданған дін саласындағы заңнаманың либералдылығы діни ұйымдар санының көбеюіне, Қазақстанның тарихи дәстүрлі діни ландшафтысына сәйкес келмейтін жаңа діни бірлестіктердің таралуына себеп болды. Қоғам болмысындағы руханилық әлеуетінің өсуімен қатар, діни нарративтердегі талғамсыздық өз салдарын әкелгені де кездейсоқтық емес.

Қазақстандағы XX ғасырдың 90-шы – XXI ғасырдың басындағы діни саладағы либералдылық деструктивті діни идеологиялардың да қоғам болмысына еніп

кетіп, бүгінгі таңда айтарлықтай бекіп қалғандығына куәміз. Оның ар жақ себебі кеңестік замандағы дінге қатысты атеистік саясат, нәтижесінде егемендіктің алғаш жылдарындағы дін туралы халықтың сауаттылық деңгейінің төмендігі деп байлам жасау әбден орынды деген ойдамыз. Мұның бәрі келіп халықтың едәуір бөлігін діни радикалды идеологияларға қатысты осал болуына әсер етті.

Діни радикализмге қарсы тұрудағы халықаралық және қазақстандық тәжірибе

Дін, атап айтқанда, ислам діні – қатып қалған сенім жүйесі емес. Оның негізгі мәні сақтала отырып, интерпретациялары заман, ортаға байланысты трансформацияланады. Өз кезегінде бұл үрдіс исламның демократиялық құндылықтармен өзара байланысын қалыптастыруға, жетілдіруге септігін тигізеді. Мұсылмандық қауымдастықтар тарапынан батыстық типтегі секуляризация жолы таза күйінде сирек қабылданады. «Дегенмен, ислам қауымдастықтары демократиялық қоғам құруға дәрменсіз деуге болмайды» [8]. Зерттеуші Сезари мұсылман қауымдастықтарындағы демократизация процестері таза күйіндегі батыстық түсініктегі демократияны көшіріп алу емес, діни және мәдени контексттерді ескеретін демократияның ерекше моделін құру жолы екендігін ескереді.

Мысал үшін Түркия мемлекеті зайырлылық қағидаттары мен ислам құндылықтарының үйлесімділігін дін мен саясаттың келісімі тұрғысында көрсетеді [8]. Сонымен қатар, зерттеуші Индонезия, Марокко, Тунис сияқты мұсылман елдеріндегі демократизация процестерін бағамдайды. Бірақ демократиялық қайта құрулардың сәттілігі дінге ғана емес, әлеуметтік-экономикалық факторларға байланысты екенін де негізге алу керек.

Грег Бартон және Джон Хванг зерттеушілері демократиялық құндылықтар мен әртүрлі мәдени контекстке ие ірі мұсылман ел ретінде танылатын Индонезия мемлекетінің діни радикализммен күрес жолындағы бірігей тәжірибесін бағамдайды [11]. Қазіргі кезде Индонезия Jemaah Islamiyah сияқты террористік ұйымдардың ықпалымен таралып жатқан және әскери қақтығыс аймақтарынан оралған содырлар санының артуының арқасында таралып жатқан діни радикализация салдарын кешуде.

Индонезияның діни радикализациямен күресудегі тәжірибесі дерадикализация стратегияларының тиімді үлгісі болып саналады [11]. Дін саласындағы радикалдылықпен күрес туралы индонезиялық ресми ақпараттар берелетін дерек көздерінде елде радикалданған азаматтарға исламның балама интерпретацияларын ұсыну арқылы қайта білім беруіне баса назар аударылатындығы туралы ақпараттар бар. Сотталғандар үшін діни дискуссиялар ұйымдастырылып, исламның бейбітшілікке негізделген қағидалары түсіндіріледі. Жастар арасында радикалданудың алдын алу мақсатында толеранттылық, мәдениетаралық сұхбат және адам құқықтары бойынша модульдер оқу бағдарламаларына енгізілген. Сонымен қатар, радикалды идеологиялардың ықпалын төмендету үшін арнайы семинарлар мен тренингтер өткізіледі. Бұрын экстремистік топтардың мүшесі болған азаматтарға әлеуметтік-экономикалық интеграцияға көмектесу үшін кәсіпкерлік және кәсіби дағдыларды дамыту курстары ұсынылады. Діни

радикалданған азаматтардың отбасыларымен де арнайы жұмыс жүргізіліп, ата-аналарға балаларын деген толеранттылық құндылықтарға бейімдеу бойынша кеңестер беріледі. Дерадикализация бағдарламалары үкіметтік құрылымдар мен білім беру мекемелерінің үйлесімді жұмысы арқылы жүзеге асырылады. Азаматтық қоғам мен діни ұйымдар бұл бастамаларда маңызды рөл атқарады, ал медиа мен технологиялар контрнарративтерді тарату үшін қолданылады. Бірақ бағдарламаның тиімділігі жоғары болғанымен, кейбір қатысушылар радикалды көзқарастарға қайта оралуы орын алатындығы туралы мәліметтер бар [11]. Бұл ұзақ мерзімді реинтеграциялық шаралардың маңыздылығын көрсетеді. Сондай-ақ, қаржыландырудың біркелкі бөлінбеуі және кейбір діни көшбасшылардың үкіметтік жобаларға қатысуға құлықсыздығы белгілі бір қиындықтар тудырады екен. Жалпы, Индонезия тәжірибесіне сәйкес радикализацияға қарсы күресте білім беру бастамалары маңызды құрал бола алатындығы айқындалуда.

Экономикалық жағынан қарқынды дамып жатқан негізінен мұсылман мемлекеті болып табылатын Малайзия елінің де діни радикализммен күрес тәжірибесі кешенді дерадикализация бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады. 2016 жылы Ішкі істер министрлігі экстремистік топтардың мүшелерін оңалтуға және қоғамға қайта бейімдеуге арналған «Pemulihan» бағдарламасын қабылдады [12]. Бағдарлама Малайзияның Ішкі істер министрлігі, Түрме департаменті және корольдік полициясы тарапынан жүзеге асырылады. Бұл бағдарлама тұлғалық даму, психологиялық тұрақтылық, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру және діни ұстанымдарды қайта қарастыру талаптарынан тұратын сегіз бағытты қамтиды. Діни радикализм үшін сотталған азаматтарға психолог мамандар тұрақты кеңес беру процедураларын жүргізіп, зорлық-зомбылыққа деген бейімділігін бағалайды. Сонымен қатар, теолог мамандар тарапынан исламның шынайы мағыналары түсіндіріліп, діни төзімділік пен модерацияға баса назар аударылады. Босатылған азаматтарға қоғамға қайта қосылу үшін әлеуметтік дағдыларды дамытуға көмек көрсетіледі. Дерадикализация процесіне азаматтық қоғам өкілдері мен мұсылман ғалымдары да белсенді қатысады, олар онлайн платформалар арқылы радикалды идеологияларға қарсы пікірталастар жүргізеді. Малайзиялық полицияның ресми мәліметтері бойынша, бұл бағдарламаның тиімділігі жоғары, экстремистік көзқарастан арылған азаматтардың 95%-ы радикалды идеяларға қайта оралмайды [13]. Дегенмен, зерттеушілер бағдарламаның тұрақты нәтижелер беруі үшін оны жетілдіру қажеттігін атап өтеді [12]. Жалпы, Малайзия тәжірибесі діни, психологиялық және әлеуметтік тәсілдерді интеграциялау арқылы дерадикализацияның тиімділігін көрсетеді.

Діни радикализациямен күресудегі қазақстандық модельге назарды бұрсақ, елімізде бұл бағытта айтарлық тәжірибе мен нәтижелердің жинақталғанын мойындамасқа болмайды. 2013 жылы бірінші Мемлекеттік бағдарлама қабылданып, одан бері бірнеше жаңартылған бағдарламалар мен тұжырымдама [14] оң нәтижелі тәжірибені ескеріп, өткеннен сабақ алуға көз жеткізді.

Жалпы Қазақстандағы діни радикализациямен күресудегі негізгі бағыттарды келесідей жүйелеуге болады:

Діни сауаттылықты арттыру және дінаралық сұхбатты дамыту: он жылдам астам уақыт бойы елімізде Дін мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру топтары құрылып, олардың негізгі мақсаты халықтың әр түрлі топтары арасында

мемлекеттің дін саласындағы саясатының негізгі қағидаларын түсіндіру, діни мен діни экстремизмнің ара-жігіт ашу, діннің позитивті құндылықтарын түсіндіруге бағытталады.

Оңалту бағыты: радикалданған адамдарға көмектесу үшін арнайы орталықтар жұмыс істейді, онда экстремистік мінез-құлыққа ықпал ететін факторларды анықтау және бейтараптандыру үшін теолог, психолог мамандар тарапынан әр түрлі форматтағы жұмыстар жүргізіледі.

Әлеуметтік интеграция: жұмыспен қамту, оқыту және кәсіби дағдыларды ұсыну арқылы радикалды көзқарастарға бейім, бұрынғы экстремистерді әлеуметтік-экономикалық өмірге тартуға бағытталған жобалар жүзеге асырылады.

Діни радикализациямен күресудегі тиімді стратегиялар

Жоғарыда салыстырмалы келтірілген халықаралық және қазақстандық тәжірибенің жағымды жетістіктерін ескере отырып, ары қарай бұл бағыттағы нәтижелі жұмысты үйлестіруде неге назар аударған маңызды?

Діни экстремизм, терроризм сынды қауіпті қатерлерге әкелуі ықтимал діни радикалдылықпен күресте бұл үдерістің адамның нәзік, тылсым сезімдерімен байланысты екендігін үнемі ескеру маңызды. Мемлекеттің қауіпсіздігін сақтау үшін, әрине, заң жүзінде шаралар қабылданады. Бірақ қоғамда діни радикалдылыққа қарсы рухани иммунитетті күшейту үшін бірнеше аспектіге баса назар аударған маңызды деген пікірдеміз. Біріншіден, мемлекеттің дін саласындағы саясатында икемділік (flexible) мүмкіндіктерін бағамдау қажет. Екіншіден, діни талаптарға сәйкес өмір сүру образын таңдаған азаматтардың интеллектуалды әлеуетін арттыру мүмкіндіктеріне ат салысу маңызы. Үшіншіден, қазіргі әлемде бір ғана көзқарастың монополиясы жүретіндігі күмәнді. Сондықтан, дін және діни емес дүниетаным арасындағы, әр түрлі діндер өкілдері арасындағы сұхбатты макро және микро масштабта ілгерлету өзекті болып қала бермек. Осы үш ұсыныс-пікірді ашып, талқылап көрейік.

Мемлекеттің дін саласындағы саясатында заманауи тенденциялар үнемі ескеріліп отырады. Мысалы, Қазақстанда егемендік алған жылдардың басында дін саласындағы саясаттың тым либералдылығы радикалды ағымдардың таралуына ыңғайлы болды. Соңғы он бес жыл шамасында қабылданған заңнама, ресми бағдарламалар діни экстремизм, терроризм сынды қатерлермен күреске бағытталды. Қоғамда бір жағынан, діни фобиялар артты, бірақ, сонымен қатар, әлемде болсын, Қазақстанда да болсын – діни талаптарға сәйкес өмір сүру жолын таңдайтын азаматтар үлесі артып келеді. Бір жағынан, мемлекет оларды діни астарланған экстремизм, терроризмнен қорғауға жауапты, екіншіден, адамның дінге деген қызығушылығы әрдайым күмән, қорқыныш тудыра бермеуі керек. Демократия деген – бұл дискурсивті өзара әрекеттесудің тұрақты процесі. Юрген Хабермастың дискурсивті этикасы тұжырымдамасына сүйенсек, қоғамдық өмірдегі әр тарап өз ойын білдіруге және басқалар оны тыңдай алу қабілетіне ие болғанда ғана демократиялық институттардың легитимділігі туралы айтуға болады [15]. «Адамның құқықтары өзара мойындау мен рационалды талқылау арқылы процессте қабылданғанда ғана әмбебап құқықтарға айналады».

Елімізде ислам дінінің талаптарын тұрақты орындауды таңдаған азаматтарға қатысты стереотиптік көзқарастардың орын алу жайттары кездеседі. Тіпті бұл үрдістер әлі де қорқынышпен қабылдануда. Әрине, бұған әлемде орын алып жатқан террористік топтардың әрекетінде ислам риторикасының қолданылуы айтарлықтай әсер етіп, стигматизация қалыптасты. Мемлекет қоғамда орын алатын заманауи үрдістерге сезімтал болуы маңызды. Дискурсивті этика деген ортақ нормалар ашық және инклюзивті дискуссиялар арқылы қалыптасатын этика [15]. Яғни, мемлекет тарапынан діни қауымдастыққа қатысты стереотиптер емес, жан-жақты көзқарастар орын алғаны жөн. Бірақ, сәйкесінше, діни қауым мемлекет тарапынан өзінің ғана құқықтарының, еркіндігінің қамтамасыз етілін талап ете бермей, нақты аргументтерге негізделген қоғамдық пікірталастарға қатыса алу керек. Егер мемлекет пен қоғам арасындағы қарым-қатынастарда бақылау, қадағалау әдістері басым болса, бұл үрдіс конфронтацияның артып, агрессияға ұласуына әкеліп соғуы ықтимал. Билік те, қоғам да бір-бірін қадағалап, сынап қана қоймай, бір-бірін тыңдауға ашық, дайын болуы тиіс. Осындай құндылықтарға негізделген сұхбатта ғана біржақтылықты еңсеру мүмкін болады.

Екіншіден, ислам дінінің талаптарын орындай отырып, ғылым, өнер, спортпен айналысу, қоғам белсендісі болу әбден мүмкін. Және жылдан жылға қоғамдық өмірдің әр түрі арналарын қатарынан үйлесімді үйлестіре алатын мұсылмандар артып келеді. Әлемдегі ірі жетекші компанияларда білімі, кәсіби біліктілігі жоғары, бірнеше тілдерді меңгерген, технологиялық салаларда жетекшілік етіп жүрген мықты мамандар дін талаптарын қатар ұстанып, өздері де, өзгеге де проблема тудырмайды. Мұндай мысалдар мұсылмандық өмір сүру образының заманауи өмір талаптарымен үйлесетіндігінің айқын көрсеткіші деуге болады. Прогрессивті мұсылмандар үлесі оңтүстік Азия мемлекеттері (Индонезия, Малайзия) мысалында байқалады. Ұсынылған интеллектуализациялық аспект дегенде діни қауымның зайырлы, демократиялық мемлекеттің азаматтары екендігін ескеріп, заманауи мұсылмандардың интеллектуалды потенциалын арттыру мәселесі ұйғарылады. Діни қоғамдастық ішіндегі білім мен интеллектуалды хабардарлықтың жоғары деңгейі мұсылмандарға экстремистердің радикалды идеялары мен манипуляциялық арбауына берілмеуге жағдай қалыптастырады. Интеллектуалды дамыған қоғамдастық күштеу әдістерін қолдану қажеттілігін болдырмай, радикалдануға қарсы күрестің белсенді субъектісіне айналады. Қоғамда позитивті қатынастарды үйлестіру үшін діни талаптарға сәйкес өмір сүруді таңдаған азаматтар арасында сыни ойлау дағдыларын сақтау, дамыту бағыттыңда үздіксіз жұмыс жасау қажет. Бұл арада діни бірлестіктердің, атап айтқанда, ислам бағытындағы діни қызметкерлеріне қатысты тағы жауапкершілік артылады. Яғни, бүгінгі таңда діни қызметкер жоғары деңгейде діни білім иесісі болып қана қоймай, заманауи әлемдегі әр түрлі оқиғалар, үрдістер туралы жан-жақты, ғылыми, технологиялық жетістіктер, өнер саласында үрдістерді талқылауға құзыреті жеткілікте болғаны маңызды. Айталық, цифрлы технологиялардың соңғы жемісі жасанды интеллект, гендік инженериядағы соңғы жетістіктер (имплантация, ЭКО, т.б.), экологиялық дағдарыстар сияқты өзекті тақырыптар барлық саналы азаматтарды ойландырады. Діни қауымды бастап тұратын діни қызметкерлер дін саласында ғана білікті маман болып қана қоймай, бүгінгі таңда орын алып жатқан өзгерістерді дін мен ғылымның түйісетін

тұсында талқылауға құзырлы болуы маңызды. Яғни, діни қызметкерлер жан-жақты интерпретацияларды жүзеге асыруға, заман талаптарын ескеріп, бірнеше тілдерді игеруге ашық болуы өзекті. Және дін қызметшілері трансляциялайтын нарративтер бүгінгі таңда прогрессивті болуы маңызды.

Сонымен, діни талаптарға сәйкес өмір сүру салтын таңдаған, ұстанатын топтар арасында діни радикализмнің алдын алу мақсатында мемлекет тарапынан жүзеге асырылған саясатта келесі жайттар маңызды:

- Діни талаптарға сәйкес өмір сүруді таңдайтын азаматтар арасында экономикалық, саяси, әлеуметтік дамудағы әр түрлі жолдар, тәсілдер туралы салыстырмалы көзқарастарды дамытатын, қалыптастыратын білім беру бағдарламаларына акцент беру керек;

- Діни құндылықтарды заманауи жетістіктермен интеграциялауға бағытталған ғылыми және мәдени бастамаларды қолдау қажет;

- Діни қызметшілерді даярлауда философия, әлеуметтану, экономика саласындағы білімді және қазіргі заманғы технологиялар негіздерін игеруді ілгерлету маңызды. Діни қызметкерлер әлемде, елімізде орын алып жатқан үрдістер, оқиғалар туралы өздері де жан-жақты көзқарастарды зерделеуге, оларды ескеруге, дайын болуы қажет.

Үшіншіден, діндердің этикалық императивтері әмбебап болып келеді. Заманауи мұсылман интеллектуалы Зияуддин Сардардың бұл бағыттағы ұстанымдары қазақстандық трансформациялар үшін өзекті деген пікірдеміз. Қоғамның трансформациясы тұлғаның өз-өзіне деген рефлексиясынан басталады. Бүгін қатып қалған «батыс», «шығыс», «ислам» парадигмалары жоқ деуге болады. «Заманауи Батыста қаншалықты Ислам болса, заманауи Исламда соншалықты Батыстық үлес орын алуда» [3]. Яғни, әлем өзгеріп тұр, заманауи өзгерістерге уақытылы сезімтал болу қажет деген ойдамыз. Бұл мемлекеттік саясатты жүзеге асыруда, азаматтық белсенділік, дәстүрлі діни қауымдастықтардың әрекетінде орын алғандығы маңызды. Яғни, діни радикализациямен күресте әр субъект біріншіден өз-өзімен және басқа субъектілермен сұхбат құруға ашық болуы қажет. Бұл өзіне анализ жасауға, сыни рефлексияға қабілетті интеллектуалды мұсылман қауымдастығын құруға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Қазіргі әлемде технологиялардың, жаһандық коммуникациялардың, өзара әрекеттесудің үнемі даму үстінде болуы қалыптасып қалған көптеген құбылыстар мен процестердің өзгерісіне әсер етуде. Тарихта зорлық-зомбылықты, қирату, жою әрекеттерін ақтау үшін дінді қолданудың мысалдары көп. Кеше ғана, бүгін де геноцид актілері дін үшін деген ұрандармен жүзеге асырылып келді. Мұндай жағдайлар дін үшін қажетті деп келтіріліп, мемлекеттердің тұрақтылығына іріткі салу, жаулап алу соғыстарын легитимизациялау, адам құқықтарын таптау үшін ұтымды қолданылуда.

Көптеген ғылыми зерттеулер плюралистік қоғамды орнатуда діни сенім бостандағының маңыздылығын мойындатуда. Ондай қоғам демократиялық құндылықтарға негізделіп, адам құқығының мойындап, дамуыға мүмкіндік қалыптасады [16].

Қазақстан өзін зайырлы, демократиялық мемлекет ретінде Конституцияда бекітіп, осы бағытта ары қарай даму көзделуде [14].

Қазақстанда зияткерлік және сыни тұрғыдан ойлайтын мұсылман қауымдастығын дамыту – бұл зайырлы қоғамдағы үйлесімділіктің кепілі ғана емес, сонымен қатар радикалданумен, экстремизммен және терроризммен күресудің тиімді қиянатсыз тәсілі. Жалпы қоғамды және, атап айтқанда, діни қауымдастықты интеллектуализациялау білім беру, диалог және өзара түсіністік негізінде репрессиялық әдістерді қолданбай экстремизмнің алдын алудың ұзақ мерзімді тетіктерін құруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1 Bauman Z. Medo líquido. Tradução Carlos Alberto Medeiros. – Rio de Janeiro.: Jorge Zahar Ed., 2008. – 122 p.

2 Taylor Ch. A Secular Age. – Cambridge, MA; London: The Belknap Press of Harvard University Press, 2007. – 874 p.

3 Книга для чтения в постпривычное время / пер. с англ. Е.В. Музыкиной. ред. Зияуддин Сардар; сост. Скотт Джордан. – СПб.: Петербургское Востоковедение, 2021. – 72 с. (Серия «Мир современного ислама»: «Books-in-Brief», I).

4 Ежегодный доклад Верховного комиссара Организации Объединенных Наций по правам человека и доклады Управления Верховного комиссара и Генерального секретаря «Борьба с нетерпимостью, формированием негативных стереотипных представлений, стигматизацией, дискриминацией, подстрекательством к насилию и насилием в отношении лиц на основе религии или убеждений». Генеральная Ассамблея ООН, 2018.

5 Buzan B., Wæver O., Jaap de Wilde Security: A New Framework for Analysis. London: Lynne Rienner Publishers, – 1998.

6 Текущая статистика мусульманского населения во всем мире. Комплексный анализ. [Электронный ресурс]. URL: <https://ru.equantu.com/news/current-muslim-population-statistics-worldwide-a-comprehensive-analysis>

7 Roy O. Globalized islam: the search for a new ummah. DOI: <http://dx.doi.org/10.24848/islm1g.07.1.01>

8 Cesari J. Islam, Gender, and Democracy in Comparative Perspective [Электронный ресурс]. URL: <https://doi.org/10.1093/oso/9780198788553.001.0001>

9 Avetisyan S. The «mantra of stability» versus human security in the post-Soviet space // Global Campus Human Rights Journal. – 2017. – vol. 1, No. 2. P. 350-370.

10 Сихимбаева Д., Нурмолдина И. Қазақстандық зайырлылық үлгісін анықтаудың әдіснамалық тәсілдемелері // *Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Дінтану сериясы*. –2020. –3(23). [Электронный ресурс]. URL: <https://doi.org/10.26577/EJRS.2020.v23.i3.r3>

11 Ilyas M., Athwal R. De-Radicalisation and Humanitarianism in Indonesia // Social Sciences, MDPI. –2021. – vol. 10(3), P. 1-17.

12 Aslam. Deradicalization Programs for SOSMA, POTA, and POCA Detainees in Malaysia. – 2020. [Электронный ресурс]. URL: <https://www.mei.edu/publications/deradicalization-programs-sosma-pota-and-poca-detainees-malaysia>

13 Ahmad El-Muhammady. Managing the Returning Foreign Terrorist Fighters and Their Families: Malaysian Experience. – 2023.

14 «Конфессияралық және дінаралық диалогтың халықаралық орталығы» ресми сайты: [Электронный ресурс]. URL: <https://religions-congress.org/ru>

15 Habermas J., Ciaran P. Cronin, Greiff P. The Inclusion of the Other: Studies in Political Theory (Studies in Contemporary German Social Thought). – The MIT Press. 2000.

16 Patel F., Singh A. The human rights risks of countering violent extremism programs. Association for the Study of Religion, Economics, and Culture, Washington, D.C., –2013. [www.asrec.org/ wp-content/uploads/2015/10/Gill-Shah-Religious-freedom-democratization-and-economic-development.pdf](http://www.asrec.org/wp-content/uploads/2015/10/Gill-Shah-Religious-freedom-democratization-and-economic-development.pdf)

Transliteration

1 Bauman Z. Medo líquido. Tradução Carlos Alberto Medeiros. – Rio de Janeiro.: Jorge Zahar Ed., 2008. – 122 p.

2 Taylor Ch. A Secular Age. – Cambridge, MA; London: The Belknap Press of Harvard University Press, 2007. – 874 p.

3 Книга длѣа чтенія в постпривычное время [A book to read in post-habitual times] / пер. с англ. Е.В. Музыкиной. ред. Zijauddin Sardar; sost. Skott Dzhordan. – СПб.: Peterburgskoe Vostokovedenie, 2021. – 72 s. (Серия «Mir sovremennogo islama»: «Vooks-in-Brief», I).

4 Ezhegodnyj doklad Verhovnogo komissara Organizacii Ob#edinennyh Nacij po pravam cheloveka i doklady Upravlenija Verhovnogo komissara i General'nogo sekretarja «Bor'ba s neterpimost'ju, formirovanіem negativnyh stereotipnyh predstavlenij, stigmatizacіej, diskriminacіej, podstrekatel'stvom k nasiliju i nasiliem v otnoshenii lic na osnove religii ili ubezhdenij» [Annual Report of the United Nations High Commissioner for Human Rights and Reports of the Office of the High Commissioner and the Secretary-General: «Combating Intolerance, Negative Stereotyping, Stigmatization, Discrimination, Incitement to Violence, and Violence Against Persons Based on Religion or Belief»]. General'naja Assambleja OON, 2018.

5 Buzan B., Wæver O., Jaap de Wilde Security: A New Framework for Analysis. London: Lynne Rienner Publishers, – 1998.

6 Tekushhaja statistika musul'manskogo naselenija vo vsem mire. Kompleksnyj analiz [Current Statistics of Muslim Population Worldwide. A Comprehensive Analysis]. [Elektronnyj resurs]. URL: <https://ru.equantu.com/news/current-muslim-population-statistics-worldwide-a-comprehensive-analysis>

7 Roy O. Globalized islam: the search for a new ummah. DOI: <http://dx.doi.org/10.24848/islmlg.07.1.01>

8 Cesari J. Islam, Gender, and Democracy in Comparative Perspective [Elektronnyj resurs]. URL: <https://doi.org/10.1093/oso/9780198788553.001.0001>

9 Avetisyan S. The «mantra of stability» versus human security in the post-Soviet space // Global Campus Human Rights Journal. – 2017. – vol. 1, No. 2. R. 350-370.

10 Cihimbaeva D., Nurmoldina I. Qazaqstandyq zajyrlylyq ylgisin anyқтаудың әдіснамалық тәсілдемелері // *Әl-Farabi atyndaғы QazҰU Habarshysy. Dintanu serijasy.* –2020. –3(23) [Elektronnyj resurs]. URL: <https://doi.org/10.26577/EJRS.2020.v23.i3.r3>

11 Ilyas M., Athwal R. De-Radicalisation and Humanitarianism in Indonesia // Social Sciences, MDPI. –2021. – vol. 10(3), P. 1-17.

12 Aslam. Deradicalization Programs for SOSMA, POTA, and POCA Detainees in Malaysia. –2020. [Elektronnyj resurs]. URL: <https://www.mei.edu/publications/deradicalization-programs-sosma-pota-and-poca-detainees-malaysia>

13 Ahmad El-Muhammady. Managing the Returning Foreign Terrorist Fighters and Their Families: Malaysian Experience. – 2023.

14 «Konfessijaаралық және динаралық диалогтын халықаралық орталығы» [«International Center for Interfaith and Interreligious Dialogue»] resmi sajty: [Elektronnyj resurs]. URL: <https://religions-congress.org/ru>

15 Habermas J., Ciaran P. Cronin, Greiff P. The Inclusion of the Other: Studies in Political Theory (Studies in Contemporary German Social Thought). – The MIT Press. 2000.

16 Patel F., Singh A. The human rights risks of countering violent extremism programs. Association for the Study of Religion, Economics, and Culture, Washington, D.C., –2013. [www.asrec.org/ wp-content/uploads/2015/10/Gill-Shah-Religious-freedom-democratization-and-economic-development.pdf](http://www.asrec.org/wp-content/uploads/2015/10/Gill-Shah-Religious-freedom-democratization-and-economic-development.pdf)

Абдильдин Ж.М., Мұстафина Т.В.

Философия религиозной трансформации: от «страха» к ненасильственным практикам

Аннотация. В статье рассматривается роль религии в обществе через призму современных подходов, философской рефлексии анализируется проблема религиозной радикализации, которая остается актуальной для многих стран мира, в том числе для Казахстана. Трансформация религиозного фактора исследуется с точки зрения концепций «декультурация», «виртуальная умма» (Оливье Руа), связь религии с фобиями – через концепт «текущего страха» (liquid fear) (Зигмунд Бауман), поиск духовных ценностей в современном материальном, техногенном мире, рассматривается в рамках концепции «имманентного фрейма» (Чарльз Тейлор). Фокус исследования направлен на возможности трансформации методов противостояния религиозной радикализации – от жесткого контроля и надзора к ненасильственным стратегиям. В этом контексте рассматриваются примеры Индонезии и Малайзии как социально-экономически развитых, светских стран с преобладающим мусульманским населением в сравнении казахстанским опытом. Из осмысления современной религиозной ситуации в Казахстане, анализа профилактических практик вытекают предложения для дальнейшего совершенствования деятельности в данном направлении, основанные на продвижении ненасильственных практик.

Ключевые слова: религиозная ситуация, ислам, общество, трансформация, зарубежный опыт, Казахстан.

Abdildin Zh.M., Mustafina T.V.

Philosophy of Religious Transformation: from “Fear” to Non-Violent Practices

Annotation. The article examines the role of religion in society through the prism of modern approaches, as well as analyzes the problem of religious radicalization, which remains relevant for many countries of the world, including Kazakhstan. The transformation of the religious factor is studied from the point of view of the concept of “deculturation”, “virtual ummah” (Olivier Roy), the connection of religion with phobias through the concept of “liquid fear” (Sigmund Bauman), the search for spiritual values in a world dominated by material values and man-made factors, is considered within the framework of the concept of “immanent the Frame” (Charles Taylor). The research focuses on the possibility of transforming methods of combating religious radicalization from strict control and supervision to nonviolent strategies. In this context, the examples of Indonesia and Malaysia are considered as socially and economically developed, secular countries with a predominantly Muslim population in comparison with the Kazakh experience. An understanding of the current religious situation in Kazakhstan and an analysis of preventive practices suggest suggestions for further improvement in this area based on the development of nonviolent practices.

Keywords: religious situation, Islam, society, transformation, foreign experience, Kazakhstan.

Келін түсті 27.02.2024

Қабылданды 01.03.2025